



Ақмешіт

31 наурыз
сейсенбі
№23 (2235)
2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

1 СӘУІР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰСТАР КҮНІ



ҚҰСТАР АЗАЙЫП БАРАДЫ

Сәуір айының алғашқы күні күнтізбеде халықаралық құстар күні ретінде белгіленген. Бұл жай ғана мерекелік сипаттан әлдеқайда терең мағынаға ие. Бүгінде қанатты достарымыздың ахуалы тек мамандарды ғана емес, бүкіл қоғамды толғандыруы тиіс өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі құстардың азаюы – қоршаған ортаның тозуын, су айдындарының тартылуы мен ауыл шаруашылығы алқаптарының қунарысыздануын айғақтайтын табиғаттың басты индикаторы. Осы орайда бұл айтулы күн биологиялық қауіпсіздік пен азық-түлік тұрақтылығына тонген қатерлерді саралап, ұлттық табиғи байлығымызды қорғауға шақыратын маңызды дабыл ретінде қабылдануы тиіс. Халықаралық құстар күні адамзат баласына табиғатпен арадағы нәзік тепе-теңдікті сақтаудың өміріндегі тағы бір мәрте еске салып, экологиялық жауапкершіліктің жүгін аңғартады.

2-БЕТТЕ

ҮКІМЕТ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Халықаралық Аралды құтқару қорының басқарма мүшелерімен кездесу өткізді. Жиынға Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстан үкіметтерінің өкілдері, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қоры атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай мен Қазақстанның салалық министрліктері мен ведомство басшылары қатысты.

АРАЛ ТАҒДЫРЫ – НАЗАРДА



Жиын барысында су шаруашылығы сала-сындағы өңірлік ынтымақтастықты дамыту, Қор қызметінің тиімділігін арттыру және 22 сәуірде Астанада өтетін ұйымға мүше мемлекет басшылары кенесінің отырысына дайындық мәселелері талқыланды.

Олжас Бектенов Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы айқындаған Арал теңізін құтқару және трансшекаралық су ресурстарын тиімді басқару басым бағыттардың бірі екенін айтты. Қор отыз жылдан астам уақыт бойы Орталық Азия елдерінің су, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша өзара іс-қимылының негізгі алаңы болып келеді. Кездесуде су ресурстарын есепке алу мен басқаруды цифрландырудың маңыздылығына ерекше назар аударылды.




– Сырдария және Әмудария өзендері бассейндерінде су ресурстарын есепке алу, мониторинг жүргізу және бөлуді қамтитын бірыңғай автоматтандырылған жүйені кезек-кезеңімен енгізу қажет. Цифрландыру су пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етіп, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтады. Осы арқылы су ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді, – деді премьер-министр Олжас Бектенов.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛА



Бүгінде облыс орталығында құрылыс жұмыстары қарқынды. Қаладағы қайнаған тірлікті күнде көріп жүрміз. Заманауи тұрғын үйлер, жана нысандар салынып, жолдар жөнделіп, ел игілігіне пайдалануға берілуде. Биыл да өңірдің дамуына серпін беретін ірі жобалар қатары аз емес.

Атап айтқанда, сол жағалаудағы 300 төсектік көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде. Бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхана және 100 төсекке арналған онкологиялық бөлімшесі қарастырылған нысан 10 блоктан тұрады. Онда емхана, қабылдау, операциялық, реанимация, химиотерапия, радиология бөлімдері, әкімшілік, тамақтандыру және конференц залдары орналасады. 54,3 млрд теңгенің жобасын «Мелиоратор» серіктестігі жүзеге асыруда. Қазіргі таңда монолит жұмыстары аяқталып, кірпішін қалау, инженерлік жүйелерді жүргізу жалғасуда. Құрылыс алаңында 300-ге жуық жұмысшы және 18 техника жұмыс істеуде.

Сонымен қатар сол жағалаудағы әрқайсысы 60 пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы аяқталғанын көпшілік асыға күтіп жүр. Жобаға 11,3 млрд теңге қаржы қаралған. Мұнда 5 қабатты 7 үй және 9 қабатты 3 үй салынуда.

Сонымен қатар Президент паркіндегі 9 қабатты 15 тұрғын үй қала көркіне көрік қосары сөзсіз. Бұл үйлерді «Мелиоратор» серіктестігі 8,2 гектар аумаққа салуда. Құрылыс біткенде 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі пәтер. Одан бөлек, бес жұлдызды «Rixos» қонақүйі қаламызға көрік беретін басты ғимараттардың біріне айналмақ. Сондай-ақ Президент паркіндегі ботаникалық бақ және балалар лагерінің де құрылысы қарқынды. Ботаникалық білім беру орталығының құрылысын «Alem Qurylys AQ» серіктестігі қолға алған. Орталық экологиялық білім беруге әрі демалысқа арналған. Ал 300 орындық балалар лагерінің жобасы бойынша әкімшілік ғимарат, 5 киіз үй, ашық бассейн, стадион, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар салу көзделген.

Бүгінде «Қызылорда Арена» спорт кешенінің де құрылысы жалғасуда. Жобаның құны 20 млрд теңгеден асады. Кешенде олимпиадалық бассейн, спорт алаңдары және 150 орындық конференц-зал болады. Қазір мұнда 214 адам жұмыс істейді.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



АТАДАН ҚАЛҒАН ТІРІ МҰҒА

Қазақ халқының дәстүрлі танымдында «Тазы – ит емес» деген ерекше түсінік бар. Бұл оның тектілігіне, тазалығына және ашылық қасиетіне байланысты қалыптасқан құрмет. Тазы – қазақтың «Жеті қазынасының» бірі. Оны басқа мал күзететін немесе ауылдағы жай иттермен тең көрмеген. Шариятта және қазақ салтында итті үйге кіргізуге тыйым салынса да, тазыға рұқсат берілген. Оны төрге шығармаса да, киіз үйдің іргесіне, жылы жерге жатқызған. Көбіне «ит» демеі, «Тазы», «Құмай» немесе «Ерін» деп атаған. Аңшылар арасында «Итің қалай?» деп айту әдепсіздік саналып, «Тазың бапты ма?» немесе «Қажығаң майланысың» деп сөйлескен. Қазақ тазыны саудалап сатпаған, оны тек өте сыйлы адамдарға қалауы ретінде сыйға тартқан. Тазының киесі ұрады деген сенім болған.

4-БЕТТЕ

ҚОЛӨНЕР

ҰЛТТЫҚ КИІМ БІР КҮНДІК ЕМЕС



Бүгінде ұлттық құндылықтарды жаңғырту – ұлттық болмысымызды сақтап қалудың басты шарты. Осы жолда тер төгіп, қазақтың бай мұрасын заманауи сән үлгілерімен ұштастырып жүрген қолөнер шеберлердің бірі – Жазира Үргенішбаева. «Zhazira Ramazan Qoloner» брендінің негізін қалаушы Жазира Рамазанқызымен қазақ қолөнерінің бүгінгі мен ертеңі, ұлттық стильдегі сұраныс пен кәсіптің қыр-сыры туралы әңгімелескен едік.

– Жазира ханым, өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз. Қолөнерге қызығушылық қалай басталды?

– Өзім IT маманымын. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Ақпараттық жүйелер» мамандығында бакалавр және магистратураны оқыдым. Екі оқуымды да қызыл дипломмен тәмамдадым. Бірақ жүрек қалауым қолөнерде еді. Қолөнермен айналысып келе жатқаным 13 жылдай уақыт болды. Негізі бала күнімнен тігін тігуге қызығатынмын. Әжем тігінші болған, өз киімдерін өзі тігетін. Мүмкін, сол кісіден дарыған қасиет шығар. Тұрмысқа шыққаннан кейін, бала күтімнен үйде отырғанда бұл іске білек түре кірістім. Басында хобби ретінде басталып, кейін сұранысқа қарай кәсіпке бет бұрдым.

4-БЕТТЕ

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ

Халық арасында ломбард қызметін пайдалану жиілеп келеді. Әсіресе қысқа мерзімде қаржы қажет болған жағдайда, азаматтар бағалы заттарын кепілге қойып, шағын несиені алуға жөн көреді. Алайда көпшілікті толғандыратын басты сұрақ – ломбардтағы қарыз болашақта банктік несиені немесе ипотеканы рәсімдеуге кедергі келтіре ме?

ЛОМБАРДАҒЫ ҚАРЫЗ

НЕСИЕНІ АЛУҒА КЕДЕРГІ МЕ?

Ломбардтан алынған қарыз тікелей кредит алуға тыйым салмайды. Дегенмен ломбардтағы қарыз қаржы ұйымдарының шешіміне әсер етеді. Себебі кез келген банк немесе микроқаржы ұйымы қарыз алушының төлем қабілеттілігін жан-жақты бағалайды. Бұл ретте несиені тарихы мен борыш жүктемесі қарыз беру үшін тәуекелге баруға негізгі фактор.

2-БЕТТЕ

ҚЫЗЫҚ КӘСІП

Сағыныш ҚАДРИЯҚЫЗЫ, №267 орта мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі, қолөнер шебері:

АЙНАЛАҒА ӘСЕМДІК СЫЙЛАҒЫМ КЕЛЕДІ

Бүгінде табиғи өнімдерге деген сұраныс артып, келеді. Кәсіптің көзін тауып, айналасына қуаныш сыйлап жүргендер көп. Солардың бірі – шығармашылық пен ұстаздықты қатар алып жүрген Сағыныш Қадрияқызы. Ол №267 орта мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі, қолөнер шебері. Сабын жасауды хоббиден кәсіпке айналырған шебермен сұхбаттасудың сәті түсті.



4-БЕТТЕ

Егер азаматтың ломбард алдында мерзімі өткен берешегі болса, оның қарыз ақша алу мүмкіндігі айтарлықтай төмендейді. Мұндай қарыздар басқа несиелермен тең дәрежеде есепке алынып, жалпы борыш жүктемесіне қосылады. Сонымен қатар ломбардтар да өз клиенттері туралы мәліметті кредиттік бюроларға ұсынады.

– Қарыз алушы микрокредитті уақытында өтемеген жағдайда, ломбард кепілдегі мүлікті кемінде 30 күн сақтауға міндетті. Осы уақыт ішінде азамат берешегін жауып, өз затын қайтарып ала алады. Ал бұл мерзім өткен соң, ломбард кепілді сатуға немесе өз меншігіне рәсімдеуге құқылы. Қарыздың жабылғанын растау үшін арнайы құжаттар – кепілді сату актісі немесе мүлікті ломбард меншігіне беру туралы шешім, сондай-ақ қарыздың өтелгені жөніндегі анықтама қажет. Бұл құжаттар кейін қаржы ұйымдары алдында өз міндеттемелерінің орындалғанын дәлелдеуге көмектеседі, – дейді қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі хабарламасында.

Айта кету керек, кредит беру туралы шешімді әр банк немесе микроқаржы ұйымы өз ішкі саясатына сәйкес дербес қабылдап, табысын, шығындарын және тәуекел деңгейін ескереді. Тіпті несиелі тарихы жақсы азаматтардың өзіне де кей жағдайда несиелі беруге бас тартуы мүмкін.



ЛОМБАРДАҒЫ ҚАРЫЗ

НЕСИЕ АЛУҒА КЕДЕРГІ МЕ?



Ломбард тұтынушылары артты

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, микроқаржы ұйымдарының табысы 2025 жылғы IV тоқсанда 3,5 трлн теңгеге жеткен. Бұл көрсеткіштің артуына ломбардтар беретін тұтынушылық шағын несиелердің көбеюі әсер еткен. Керісінше бизнес нысандарына берілген несиелі 1,8 трлн теңгеге дейін азайған.

Ломбардтар беретін тұтынушылық қарыздың көбеюі адамдар жиі әрі тез ақша алу үшін ломбардтарға жүгінгені есебінен пайда болған. Банктардың пайызы өскен сайын қарыз алу қиындап, сапаларынан халық ломбард пен микроқаржы ұйымдарына көбірек баратынын көріп отырмыз. Халықтың қаржылық жағдайы да табыстың жеткіліксіздігі қысқа мерзімді ақшаға сұранысты арттырады.

Несие тарихыңыз жақсы болса...

Несие тарихының ажырамас бөлігі саналатын дербес кредиттік рейтинг қарыз алушының қаржылық тәртібін анықтайды. Рейтинг төлемдердің уақытылы жасалуы, қарыздардың саны, мерзімі өткен берешектер және коллекторлық істер сияқты факторларға байланысты қалыптасады.

Жоғары рейтинг – несиелі алу мүмкіндігін арттырады. Ал төмен көрсеткіш керісінше, қаржы ұйымдарының бас тартуына себеп болуы мүмкін.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі несиелі жағдайын жақсарту үшін бірнеше қарапайым ережені ұстануға кеңес береді. Біріншіден, барлық төлемдерді уақытында, тіпті белгіленген күннен 5-7 күн бұрын жасаған жөн. Екіншіден, мүмкіндігінше қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу керек. Үшіншіден, қиындық туындаған жағдайда кредиторлардан жасырынбай, келіссөз жасауға болады.

Ломбардтағы қарыз несиелі алуға толықтай кедергі емес. Бірақ ол сіздің қаржылық мүмкіндігіңізге тікелей әсер етеді. Сондықтан кез келген қарыз міндеттемесіне жауапкершілікпен қарап, төлем тәртібін сақтау – болашақтағы қаржылық мүмкіндіктердің кепілі. Несие рейтингіңіз жоғары деңгейде ұстау арқылы болашақта баспана, автокөлік немесе тұтынушылық кредитті тиімді шартпен алу мүмкіндігіңіз артады.

Думан КЕНШІЛІК

Басы 1-бетте



Сонымен қатар Қазақстан Орталық Азиядағы су ресурстарын пайдалану жөніндегі негіздеме-лік конвенцияны әзірлеуді қолдайтынын білдірді. Бұл құжат су ресурстарын ұтымды пайдалану, трансшекаралық зияндық алдын алу және гидрологиялық ақпарат алмасу қағидаттарын бекітеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құру бастамасы да сөз болды. Бұл бастама жаһандық су проблемаларын шешуге және өңірлік жобаларды іске асыруға қосымша мүмкіндіктер ашады.

Кездесу барысында қор жұмысының тиімділігін арттыру, оның құрылымын жетілдіру және қабылданған шешімдердің іске асырылуын

қамтамасыз ету үшін Халықаралық Аралды құтқару қорының ұйымдастырушылық құрылымын және шарттық-құқықтық базасын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ алдағы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысы қарсаңында негізгі мәселелер бойынша келісілген тәсілдерді әзірлеудің маңыздылығы айтылды.

Тараптар сындарлы диалогті жалғастыруға, су дипломатиясын дамытуға және Арал теңізі бассейніндегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бірлескен шешімдерді іздеуге дайын екендерін растады. Айта кетейік, Қазақстан биыл аталған қорға төрағалық ету мерзімін аяқтайды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте

ҚҰСТАР АЗАЙЫП БАРАДЫ

Құстар әлеміндегі жасырын дағдарыс


Бүгінгі таңда құстардың жай-күйіне жаһандық деңгейде үнілген сарапшылар құстар популяциясына қатысты дабыл қағуда. «BirdLife International» халықаралық ұйымы 2025 жылы ресми түрде 11 185 құс түрін тіркеп, олардың әлемдік санағын жасады. Оған қоса, PNAS ғылыми журналында жарық көрген зерттеу нәтижелері жер бетіндегі құстардың жалпы санын 50 миллиардқа жуық деп бағалап, бұл көрсеткіштің жан басына шаққанда орта есеппен алты құстан келетінін дәлелдеп отыр. Алайда сырт көзге ауқымды көрінетін бұл сан табиғаттың қауіпсіздігін білдірмейді, өйткені негізгі мәселе түрлердің көптігінде емес, бірегей популяциялардың жойылу кәтерінде болып тұр. Экожүйедегі жағдайдың тұрақсыздығы ғалымдар мен экологтарды қатты алаңдатады. «BirdLife International» ұйымының 2025 жылғы есебіне сәйкес, әлемдегі құс түрлерінің 11,5 пайызы, нақтырақ айтқанда 1256 түрі бүгінде жер бетінен біржола жоғалып кету қаупі жоғары топқа енген. Ең қауіптісі, жалпы құс атауының 61 пайызы жыл сайын азайып барады. Бұл құс түрлерінің жүйелі дағдарысқа ұшырағанын айтақтайтын биоалуантүрлілік дағдарысының басты белгісі ретінде қарастырылады. Аймақтық деңгейдегі деректер де көңіл көншітпейді. Мәселен, Солтүстік Америка 1970 жылдан бері 2,9 миллиард құстан айырылса, Еуропалық Одақ елдерінде 1980 жылдан бері құстар саны 600 миллионға азайған. Бұл ретте тек сирек кездесетін экзотикалық құстар ғана емес, адамдар күнделікті көріп үйренген қарапайым түрлердің де сирек бара жатқаны байқалады. Демек, бүгінгі таңдағы басты түйткіл – тек «бірен-саран сирек құсты» сақтау емес, тұтас экожүйелік тепе-теңдіктің бұзылуын тоқтату.

Сандарды сөйлетсек...

«BirdLife International» ұйымының 2025 жылғы есебіне көз жүгіртсек, Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) Қызыл тізіміндегі ең қатерлі санат – «Critically Endangered» немесе жойылу алдында тұрған құстардың саны 223-ке жеткен. Бұл тек сан емес, жер бетіндегі тағдыры қыл үстінде тұрған тіршілік иелерінің тізімі. Олардың басым бөлігіне қазірдің өзінде «табиғатта жойылып кетуі мүмкін» деген белгі қойылған. Яғни, адамзат құстардың қағаз жүзінде әлі жоғалпағанымен, іс жүзінде оларды аман сақтап қалуға мүмкіндігі аз. Мәселен, Үндістанның мақтаншы саналатын жорға дуадағының саны бүгінде 300-ден азайған. Сол сияқты, қалақтұмсық балшықшының саны небәрі 250-ге де жетпейді деп бағаланады. Ал Бразилия ормандарын мекендейтін Стреземанн қылшықтұмсығының жер бетінде он шақтысы қалуы мүмкін деген болжам нағыз биологиялық апаттың көрінісі. Бұл мысалдар жойылу қаупінің теориялық ұғымнан нақты трагедияға айналғанын айтақтайды.

Ерекше назар аударатын тағы бір жайт – қауіп тек алыс аралдардағы оқшауланған құстарға ғана тән емес. 2025 жылғы зерттеулер миграциялық жолдармен ұшатын су құстары мен жағалау құстарының арасында да жағдайдың күрт нашарлағанын көрсетіп отыр. Олардың

Басы 1-бетте



ішінде біздің өңірге жақсы таныс безгелдек тектестер де бар. Демек, құс дағдарысы тек алыстағы тропикалық ормандардың проблемасы емес, ол Еуразияның кең даласы мен сулы-батпақты алқаптарына да тікелей төніп тұрған қатер.

Дала қыранының тағдыры

BirdLife халықаралық ұйымы қыран құстың жойылып кету қаупі жоғары деп санап, 2023 жылы Алматыда өткен «Палеарктика қырандары» конференциясында сарапшылар бұдан да өзекті деректі жария етті. Дала қырандарының 75 пайызы Қазақстан аумағында салады. Алайда 2018 жылдан бері еліміздегі популяция 15 пайызға, яғни 4 мың жұпқа азайған. Бұл жай ғана статистика емес, жаһандық деңгейдегі бір құстың тағдыры табиғат қорғау шараларымызға тікелей тәуелді екенін дәлелі. Қырандарға төнген басты қатер – тың жерлердің ауыл шаруашылығына аяусыз берілуі, жемтік қорының азаюы және қауіпті электр желілері. Бұл мәселе тек қырандарға ғана емес, ақсұңқар секілді өзге де сирек құстарға тән. «BRCC» мәліметінше, ақсұңқар популяциясы соңғы ширек ғасырда 80 пайызға қысқарып, қазір небары 1000-1500 жұп шамасында ғана қалған. Демек, қыранның мекен ету ортасының тарылуы мен заңсыз аулау құстардың басты жауына айналып отыр.

Табиғатқа қысым

BirdLife 2025 жылғы жаһандық талдауы құстардың азаюына әсер ететін бес негізгі факторды айқындады. Ауыл шаруашылығының қарқынды дамуы (73%), орман ағашын кесу (50%), инвазиялық түрлер (43%), заңсыз аулау (41%) және климаттың өзгеруі (37%). Қазақстан үшін бұл тізімнің әрбір тармағы таныс. Әсіресе, сулы-батпақты алқаптардағы су режимінің өзгеруі мен инфрақұрылымдық нысандардың ретсіз салынуы құстардың тіршілік кеңістігін тарылтады. Көші-қон жолдарындағы қауіпсіздік мәселесі де күн тәртібінен түспей тұр. Оқшауланбаған электр сымдары жыл сайын миллиондаған құстың, соның ішінде дегелек, құзғын және лашынның азаюына себепкер болуда. Сарапшылардың пікірінше, мәселе тек жаңа қорықтар ашуға емес, қолданыстағы энергетикалық және көлік инфрақұрылымын құстар үшін қауіпсіз ету.

Болашаққа болжам

Құстардың тағдыры бүгінде адамзаттың экологиялық ар-ожданы мен жауапкершілігінің таразысына түсіп тұр. Егерде күні даламызда қыран қалықтап, көлімізде ақу мамырламаса, бұл бір түрдің жойылғаны емес, тұтас экожүйенің күйрегенінің белгісі болмақ. Сондықтан Халықаралық құстар күні жай ғана күнтізбедегі айтулы күн емес, әрбір азаматтың табиғат алдындағы парызын өтейтін, келешек ұрпаққа аманатты тапсыруды көздейтін нақты істердің бастауына айналуы тиіс. Қанатты достарымызды қорғау арқылы біз өзіміздің өмір сүру ортамызды сақтап қалатынымызды ұмытпаған абзал. Көгімізден құс үні үзілмесін десек, бүгіннен бастап табиғатпен үндестікте өмір сүру мәдениетін қалыптастыру – басты міндетіміз.

София ХАЙРУЛЛА

САЙЛАУ – 2026

Белкөл кентінің әкімі лауазымына үміткер Сәду Жасұлан Хабидуллаұлы



ӨМІРБАЯНЫ

Сәду Жасұлан Хабидуллаұлы 1987 жылы 6 қазанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі – жоғары.

2003-2006 жылдары Қызылорда экономика және құқық колледжін «Экономист-бухгалтер» мамандығы бойынша қызыл дипломмен;

2006-2010 жылдары «Қорқыт Ата» атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетін «Есеп және аудит» бойынша экономист бакалавры мамандығын;

2022-2024 жылдары «Қорқыт Ата» атындағы ҚУ «Құрылыс» мамандығы бойынша бітірген.

Жасұлан Хабидуллаұлы алғаш еңбек жолын 2006-2007 жылдары «Қызылорда өңүстік жылу орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында экономист болып бастаған.

2007-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде Отан алдындағы борышын өтеген;

2008-2010 жылдары «Гермес ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде экспедитор;

2011-2012 жылдары «НПФ» зейнетақы қоры Қызылорда облыстық филиалында сату бөлімінің маманы;

2013-2022 жылдары Белкөл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы, бас маманы;

2022 жылдан осы кезге дейін Белкөл кентінің әкімі қызметін атқаруда.

- 2016 жыл Қызылорда қаласы әкімінің «Алғыс хаты»;
- 2016 жыл «Нұр Отан» партиясы Қызылорда қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының «Алғыс хаты»;
- 2017 жыл Қызылорда қаласы әкімінің «Алғыс хаты»;
- 2019 жыл «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының «Алғыс хаты»;
- 2021 жыл Қызылорда облысы кәсіподақтар бірлестігі төрағасының «Құрмет грамотасы»;
- 2021 жыл Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкілдің «Алғыс хаты»;
- 2023 жыл Қызылорда қаласы әкімінің «Алғыс хаты»;
- 2023 жыл Қызылорда облысы әкімінің «Алғыс хаты»;
- 2025 жыл Қызылорда облысы әкімінің «Алғыс хаты»;
- 2025 жыл Қызылорда қаласының әкімінің «Құрмет грамотасы»;
- 2018 жылы «Қызылорда қаласының 200 жылдығы» мерекелік медалы;
- 2025 жылы «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталған.

БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше.

Әкім – ең алдымен, халықтың тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек.

Ең басты міндетім – елдің ауызбіршілігін сақтау, кенттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту. Бұл мақсатта кент тұрғындарымен, қоғамдық емес, ардагерлер кеңесі, аналар кеңесі секілді үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеп, аяпай еңбек етуге дайынмын.

НЕГІЗГІ БАСЫМ БАҒЫТТАР:

1. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ:

- Жұмыссыздарды мамандыққа қайта даярлау, қоғамдық ақылы еңбекке тарту, жас мамандарды еңбекке баулу, кент жастарына ішкі және сыртқы инвесторлардың тәжірибесін үйрету, оларды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін қарастыру;
- Мемлекеттік бағдарламалар аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету;
- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында қажетті мамандарды тарту;
- Профессиялық бақылауда тұрған азаматтарды қайта даярлау курстарынан өткізу арқылы жұмыспен қамтуды ұйымдастыру.

2. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС:

- Кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау орындарын ашуға, жергілікті бюджетті ыңғайтуға және салық базасын ұйымдастыру, инвесторлар тарту, жоғары сапалы тұрғындардың өндiрiсiн оңимдерiн сатудың оңтайлы жолдарын қарастыру;
- «Аманат» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында кентің қажетті бизнесін айналдыруға қолдау көрсету;
- Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға инвестиция көздерін қарастыру.

3. САЛЫҚТЫ ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ:

- Жергілікті атқару органдарының ең негізгі міндеттері – салық базасын кеңейту, тұрақты жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету. Қазіргі таңда жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер беру қарадарларына сәйкес жергілікті әкімдікке салықтың 6 түрі берілген. Нарықтық қатынастар жағдайында кент экономикасын әртарапандыру және салық түсімін арттыру бағытында жоспарлы жұмыстар атқару;

- Шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін енгізу және жаңа технологиялық тәсілдерді қолдану арқылы ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін көтеру;
- Тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша тиісті жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру.

4. КЕНТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҒЫРТУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ:

- Халықтың өмір сүру сапасын көтеру және кенттің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған бағдарламалар аясында инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша және «Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес:
- Тұрғын үй және коммуналдық қызметтер: ауызсу, газ, жылу және электр энергиясымен қамтамасыз ету сапасын арттыру, жол және электр желілерін жөндеуге қатысты барлық жұмыстарды жүргізу;
- кенттің көлік инфрақұрылымын жақсарту бағытында көшелерге асфальттау жұмыстарын жүргізу;
- Орталық көшеге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу;
- Көшелерге түнгі жарық бағаларын орнату;
- Мәдени демалыс паркын салу;
- Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау, абақтандыру мен қоғалдандыру және аяқсау мәселесін шешу;
- Тағзым алаңын абақтандыру;
- Санитарлық тазалықты қамтамасыз ету.

5. БІЛІМ БЕРУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, СПОРТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК:

- Президентіміз өз Жолдауында Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуды қажет деген міндет қойды. Осыған орай, жасанды интеллект және цифрлық даму бойынша тиісті мамандармен кездесулер, семинарлар өткізуді ұйымдастыру;
- Барлық сәби бақытты болу үшін жаралған. Кенттегі бұддiрiншiлердiң мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдарында тәрбиеленуіне, бөбектердің балабақшамен қамтылуына жағдай жасау;
- балалардың аула ішілік ойын алаңдарын, инвестор тарту арқылы жастар спорт алаңдарын салуға қатысты жұмыстардың шешімін қарастыру;
- Спорт – денсаулық кепілі. Тұрғындарды түгел қамтитын бұқаралық спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу және кент/ауыларалық жолдастық спорттық шаралар ұйымдастыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау;
- Қоғамдық тәртіпті қалағалы мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, ұсақ құқық бұзушылыққа атымен тәубешілікке, қылмыстардың алдын алу және тазалық сақтау мәдениетін қалыптастыру мақсатында тиісті жұмыстар атқару.

6. «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ:

- «Жергілікті қоғамдастық жиналысы» мүшелерімен бірге кенттегі шешімі кезек күттірмейтін өзекті мәселелерді талқылау арқылы жергілікті бюджетке ұсыныс енгізу;
- Тұрғындарды түйткілі мәселелері бойынша күнделікті қабылдап, мәселелерді оң шешілуіне жұмыс істеу;
- Тұрғындармен ашық диалог орнату.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленеді

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

Жасұлан Хабидуллаұлы кентіміздің тыныс-тіршілігіне өте қанық, кенттегі ағайынның, халықтың ахуалын өте жақсы біледі. Кентімізде біраз уақыттан бері қызмет атқарып, осы елді мекеннің дамуына, әлеуметтік өсіп-өркендеуіне етене араласып жүрген азамат. Үлкендерге деген құрметі, қарапайымдылығы, кішілерге ізеті әрдайым тал бойынан көрініп тұрады.

Соңғы жылдары әкім болған уақытында, кентіміздің көшелеріне асфальттау жұмыстары жүргізіліп, жарықтандыруда да біршама жұмыстар атқарды.

Қоғамдық маңызы бар шараларды да жоғары деңгейде өткізіп, ауылдағы ағайынды назардан тыс қалдырған емес. Кенттің мәселесін жетік мөңгеріп, оның шешу жолдарын іздеуде табандылықпен еңбек етіп келеді. «Жас келсе – іске» дейді қазақта. Жасұлан алдағы уақытта да кентіміздің әлеуметтік-экономикалық дамып, өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосады деген сенімдімін.

Шаттық ЕГІЗБАЕВ,

кент тұрғыны, көлік саласының ардагері

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленеді

АДВОКАТТАР МӘРТЕБЕСІ КӨТЕРІЛМЕК

Жаңа Ата Занның сегізінші бөлімі «Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері» деп аталып, осы бөлімге жаңа 86-бап енгізілді. Аталған бапта бұған дейін адвокатураның мәртебесі салалық заңмен ғана реттеліп келсе, енді ол құқықтық мемлекет жүйесінің ажырамас институты ретінде басты құжатта айқын көрініс тапты. Осыған орай, полиция полковнигі, ұзақ жылдар адвокат қызметін абыроймен атқарған зейнеткер Бақытгүл Орынбековамен сұхбаттасқан едік.

– Жаңа Ата заңда адвокатура мәртебесінің алғаш рет айқындалуы сала мамандары үшін қандай мәнге ие?

– Адвокатура мәртебесінің алғаш рет Ата заңымызда айқындалуы сала мамандары үшін үлкен қолдау деп ойлаймыз. Біріншіден, бұл қорғау құқығын күшейтеді. Азаматтардың Конституциясының деңгейінде адвокатураға қатысты өзгерістер енгізу адвокатураның мәртебесін, сонымен қатар азаматтарды қорғау құқығын күшейтуге бағытталған.

Адвокатура туралы норма Конституцияда нақты бекітілсе, ол өмірде маңызды нәтиже береді деп ойлаймыз. Біріншіден, бұл қорғау құқығын күшейтеді. Азаматтардың Конституциясының деңгейінде адвокатураға қатысты өзгерістер енгізу адвокатураның мәртебесін, сонымен қатар азаматтарды қорғау құқығын күшейтуге бағытталған.

Адвокатура туралы норма Конституцияда нақты бекітілсе, ол өмірде маңызды нәтиже береді деп ойлаймыз. Біріншіден, бұл қорғау құқығын күшейтеді. Азаматтардың Конституциясының деңгейінде адвокатураға қатысты өзгерістер енгізу адвокатураның мәртебесін, сонымен қатар азаматтарды қорғау құқығын күшейтуге бағытталған.

– Жаңа норма адвокаттың қорғамдағы рөлінің деңгейін көтерме? Адвокаттардың тәуелсіздігіне әсер ете ме?

– Жаңа норма адвокаттың қоғамдағы рөлінің деңгейін көтереді деп сенемін. Адвокаттар да соған лайықты болу керек. Мемлекет тарапынан адвокатура саласына көңіл бөлініп, қолдау болады деп ойлаймын.

– Бұған дейін адвокатура мәртебесінің конституциялық деңгейде белгіленуі бұрын жұмыс барысында қандай қиындық туғызды?

– Адвокатура қызметі, заң көмегі туралы заң бар. Қазақстан Республикасының азаматтық, Азаматтық процесістік, Қылмыстық, Қылмыстық процесістік, Әкімшілік, Еңбек туралы салалар бойынша кодекстерде адвокат, қорғаушылардың қызметі, көмегі, мәртебесі, құқығы мен міндеттері қаралған. Адвокаттар адамдардың құқықтарын әр салада да қорғап, заң көмегін көрсетіп келеді. Алайда адвокат мәртебесі, адвокат пікірі, адвокат қорғауы, адвокат сөзі мемлекет дәрежесінде бағаланбаған еді. Ата Заңымызда адвокат мәртебесін көтеру, адвокатура басқа мемлекеттік органдармен, соның ішінде прокурормен теңестіру. Мысалы, прокурордың бекіткен айыптау актісі сотта қаралатыны сияқты, адвокат туралы заң сияқты заңдар Конституцияға сәйкес жетілдіреді.

– Жаңа норма адвокаттың қорғамдағы рөлінің деңгейін көтерме? Адвокаттардың тәуелсіздігіне әсер ете ме?

– Жаңа норма адвокаттың қоғамдағы рөлінің деңгейін көтереді деп сенемін. Адвокаттар да соған лайықты болу керек. Мемлекет тарапынан адвокатура саласына көңіл бөлініп, қолдау болады деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ӨТКЕН МЕН БҮГІННІҢ ТОҒЫСЫ: Тарихи туризмнің маңызы

«Қызылорда – тарихи ескерткіштерге бай, сан алуан мәдени мұраларды сақтаған ерекше өңір. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ» – деп Ел Президенті өңірімізде өткен Ұлттық Құрылтайда атап көрсетті. «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркеніеті болғанын аңғартады. Қызылорданың сол әгіллі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды – деген еді.



Табиғаты мен тарихы тұнған ерекше өңірдің әрбір тарихи орындары мен ескерткіштері тарихынан сыр шертіп келген қонақтарды баурап алады.

Бүгінде облыста 483 тарих және мәдениет ескерткіштері бар, олардың 131-і археологиялық ескерткіштерге, 121-і монументтік өнер құрылыстарға, 23-і киелі объекті, 2-уі ансамбль мен ескерткіш болса, 206-ы архитектуралық ескерткіштерге жатады.

Жүргізілген талдау негізінде өңірімізге келетін шетел және Қазақстан туристерін қызықтыратын зиярат ететін 38 нысан енгізілген.

Аймақтың ең танымал нысандарының бірі – Қорқыт ата кешені. Бұл жер – түркі әлемінің ұлы ойшылы Қорқыт ата арналған қасиетті мекен. Кешенің ерекше сәулеті мен қобыздың үнін бейнелейтін символикасы келген әр адамға терең әсер қалдырады.

Кешен түркі халықтарына ортақ рухани мұра болып саналады. Мұнда келген саяхатшылар Қорқыт атаның философиялық ойларымен танысып,

қобыз үні арқылы берілетін ерекше атмосфераны сезінеді.

Ал тарихқа қызығушылар Сығанақ қалашығы мен Жанкент қалашығы секілді көне қалалардың орындарын аралай алады. Бұл қалалар бір кездері Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды сауда және ортағасырлық өркеніеттің маңызды орталықтары болған.

Облыстағы ерекше тарихи нысандардың бірі – Көтібар мұнарасы. Бұл мұнара – өңірдің сәулет өнеріндегі көне үлгілердің бірі. Оның құрылысы мен орналасуы сол кезеңдегі қорғаныс және бақылау қызметін атқарғанын аңғартады. Көтібар мұнарасы – өткен заманның куәсі ретінде туристердің қызығушылығын тудырады.

Діни сәулет ескерткіштері қатарында Айтбай мешіті ерекше орын алады. Бұл мешіт – өңірдегі ислам мәдениетінің дамуын көрсететін маңызды нысан. Оның архитектурасы қарапайымдылығымен қатар, рухани тереңдікті бейнелейді. Мұнда келушілер тек ғимаратты тамашалап қана қоймай, рухани тыныштық таба алады.

Қызылорда қаласындағы діни әртүрлілікті көрсететін тағы бір нысан – Құтқарушы Христос шіркеуі. Бұл православиялық шіркеу өңірдегі түрлі мәдениеттер мен діндердің бейбіт қатар өмір сүріп келе жатқанын дәлелдейді. Оның сәулеттік ерекшелігі мен ішкі көркем безендірілуі туристерді қызықтырады.

Тарихпен тереңірек танысқысы келетіндер үшін Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі – маңызды орын. Музейде өңірдің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы қамтылған. Археологиялық жәдігерлер, этнографиялық бұйымдар мен тарихи құжаттар келушілерге айрықша өткені туралы толық мағлұмат береді.

Аңызға толы орындардың бірі – Бегім ана мұнарасы. Бұл мұнара халық арасында кең таралған Бегім ана туралы аңыздармен байланысты. Мұнда келген туристер тек тарихи ескерткішті ғана емес, халық ауыз әдебиетінің бір бөлігіне айналған оқиғаларды да естіп, ерекше әсер алады.

Сондай-ақ өңірде орналасқан Кердері кесенелері де туристік маңызы зор нысандардың бірі. Бұл кесенелер ортағасырлық сәулет өнерінің көрнекті үлгілері болып саналады. Олар сол дәуірдегі діни сенімдер мен құрылыс мәдениетін көрсетеді.

Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы

қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркеніетіміздің тамыры ең тым теренде жатқанын көрсетеді. «Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауыскандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын» – деген болатын Президент.

Қызылорда облысының туристік нысандары – тарих пен мәдениеттің үйлесімінен туған баға жетпес мұра. Көтібар мұнарасы, Айтбай мешіті, Құтқарушы Христос шіркеуі, облыстық музей, Бегім ана мұнарасы және Кердері кесенелерінен бөлек, облыстық әскери комиссариаттың шақыру пункті ғимараты, Сыр бойының батырлары ескерткіші, Араласар қалашығы, Сараман-Қоса мұнарасы,

Кескен Күйік қалашығы, Шірік-Рабат қалашығы, Бәбіш-Мола ескерткіштер кешені, Баланды II кесенесі, Жетіасар оазисінің ескерткіштері, Моңшақты асар қалашығы, Сортобе қалашығы, Іңкәр-қала қалашығы, Сенгіртман ғұрыптық-жерлеу кешені, Мыңарал кесенесі, Марал ишан кесенесі, Қалқай ишан кесенесі, Қалажан ахун мешіт-медресесі, Қос асар қалашығы, Қорасан ата кесенесі, Қарасопы кесенесі, Айқожа кесенесі, Ақтас мешіті, Төлегетай-Қылышты ата кесенесі, Оқшы ата қорымы секілді орындар өңірдің бай тарихын жан-жақты танытады. Бұл нысандарды аралау әрбір турист үшін танымдық әрі әсерлі саяхат болмақ.

Қызылорда облысына саяхат – тек демалыс емес, ол рухани байлық пен тарихи танымды арттыратын ерекше тәжірибе.

Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы

ОБА АУРУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Оба – аса қауіпті жұқпалы ауру. Оба ауруы адамдарда өте ауыр ағымымен, қызбамен, лимфа түйіндерінің, өкпесі және басқа да ішкі ағзалардың зақымдануымен өтеді. Табиғи ошақтық карантиндік аурулар тобына жатады. Аурудың қоздырғыштары – оба микробы.

Обаның табиғи ошағы дегеніміз, ежелден бері ауру қоздырғышының жер бетінің белгілі бір учаскесінде (топырағы мен жануар, жәндіктерінде) айналымда болуы.

Қызылорда облысының барлық аудандарының аумағында обаның табиғи ошақтары бар. Олардың жалпы көлемі облыстың шамамен 85 пайызын құрайды. Облыс аумағында Қызылорда және Арал теңізі обаға қарсы күрес станцияларының күшімен жыл сайын оба ауруының алдын алу мақсатында халық арасында санитариялық-ағарту жұмыстары, медицина мамандары арасында эпидемияға қарсы дайындық шаралары жүргізіледі. Эпизоотологиялық маусымда ошақтардан ауланған кеміргіштер мен бүргелерге зертханалық зерттеулер жүргізіледі. Оба эпизоотиясы анықталған аумақтарда далалық дезинсекция жүргізіледі. Энзоотиялық аумақта орналасқан елді-мекендерде эпидемиологиялық көрсеткіштеріне қарай дератизация және дезинсекция жұмыстары жүргізіледі.

Табиғаттағы бұл инфекцияның көзі – жабайы кеміргіштер, ал негізгі тасымалдаушылар – қан соратын буынаяқтылар, бүргелер. Кеміргіштер арасында оба жаппай таралған жерлерде обамен ауыратын түйкілер, қасқырлар, күзендер, борсықтар мен қояндар кездеседі. Үй жануарларының ішінде түйе жиі ауырады.

Табиғатта жабайы кеміргіштер арасында оба ауруының таралуы үнемі бола бермейді. Олар толқын тәрізді әр жылдарда пайда болып, кен аумақтарға таралады, не ұзақ жылдарға бәсеңсиді. Бірақ та оба ауруы энзоотиялық аумақтарда үнемі айналымда болады. Адам қобіне обамен залалданған кеміргіштің үстінен түскен сыртмасылардың (бүрге, кене) шағуы арқылы

ауруды жұқтырады. Және де ауру немесе обадан өлген жануарлармен тікелей байланыста болған кезде обаны жұқтыруы мүмкін. Бұл кезде аурудың жасырын (инкубациялық) кезеңі 6 күнге дейін болады. Обамен ауырган адамнан ауалы-тамшылы жолмен жұғып, 1-2 күн инкубациялық кезеңнен кейін сау адам обаның өкпелік түріне шалдығады.

Ветеринарлық қызметкердің қарауынсыз ауру түйені союға жол берілмейді. Егер түйе обамен ауырган болса, оны союға қатысқан және жұқтырған етті алғандардың бәрі ауруды жұқтыруы мүмкін.

Адамда оба ауруы кенеттен, температураның күрт жоғарылауымен, бас ауруы, қалтырау пайда болуымен басталады. Көбінесе шап немесе қолтық асты бездерінің бір жақты шошынудымен және ауырсыну пайда болумен жүреді. Кейбір жағдайларда бұл кезеңдегі ауырсынумен, қатты жөтелмен және қанды қақырықпен бірге жүреді. Науқастың жағдайы тез нашарлайды және уақтылы медициналық көмек көрсетпесе, әдетте өліммен аяқталады.

Науқастар аурудың кез-келген кезеңінде қауіпті, сондықтан инфекцияның одан әрі таралуын болдырмау үшін мыналарды білу қажет:

- Кеміргіштердің індеріне жақын жайғасуға болмайды, өйткені обамен ауыратын жануардың қанын ішкен бүрге мен кенелердің шағуы арқылы жұқтыру қаупі бар;
- Сырттай қарағанда ауру жануарға ұқсайтын, яғни жүрісі баяу, әлсіз және т. б. жануарларды аулауға және атуға қатаң тыйым салынады;
- Далада, кеміргіштер мен бүргелер мекендейтін жерлерде жұмыс істеу қажет болған жағдайда киім мен уақытша тұрғын үйлерді репеллентермен және инсектицидтермен өңдеу қажет;
- Тұрғын үйлерге иттер мен мысықтардың әртүрлі кеміргіштерді әжелмеуін қамтамасыз ету қажет. Бүрге, кене, кеміргіштер көбейіп кетсе дезинсекция жасалуы керек;
- Түйе ауруының алғашқы белгілерінде бұл туралы ветеринарлық қызметкерлерге хабарлау қажет;



– Ветеринарлық қызметкерлердің қорытындысынсыз түйелерді союға тыйым салынады және ауырган түйелер туралы хабарлау керек;

